

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№8
(930)

Бейсенбі, 25 ақпан 2016 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Құрметті айыртаулықтар!

Алғыс айту күні еліміздің мерейлі белесі – Егемендігіміздің 25-жылдығы үстінде тұңғыш рет атап өтілуімен елеулі.

Бұл мереке - тағдыр тоғыстырған Қазақстанның көпэтносты халқының ортақ тарихын құрметтеу күні, елімізде тыныштық пен үндестік орнығуына негіз болған мемлекеттік бейбітшілік пен келісім саясатының салтанат құрар сәті.

Алғыс айту күні ширек ғасырдың ішінде Тәуелсіз Қазақстан құру жолында аянбай тер төккен полиетникалық қоғамның қалыптасқан тарихы туралы ойға салады.

Алғыс айту күні - репрессия мен жер аудару жылдарында түрлі этностардың миллиондаған өкілдері үшін құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзым белгісі. Қазақ халқы қиын-қыстау заманда олардың басына түскен ауыртпалықты

қайыспай бірге көтере білді. Бұл бүгінгі таңда еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы достастық қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды.

Құрметті жерлестер!

Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке - мейірімділік пен ақ көңілдік, қолда бармен бөлісу мен көмек көрсетуге дайындықтың рухани дәстүрлері күні болып, еліміздің әр азаматының жүрегіне жақын, жарқын мерекелердің біріне айналатынына сенімдімін.

«Бірлігі мықты елдің – болашағы да зор» деген өмірлік қағидасын ұстана, алаңсыз еңбек етіп, тұрақтылық пен достығымызға берік болайық. Сіздерге зор денсаулық пен бақыт, жанұяларыңызға игілік, татулық пен амандық тілеймін.

Ағзам ТАСТЕМИРОВ,
Айыртау ауданының әкімі.

Бірлік! Тұрақтылық! Жасампаздық!

ЕЛ БОЛАШАҒЫ ҮШІН МАҢЫЗДЫ

20 ақпан күні «Нұр Отан» партиясы аудандық сайлауалды штабының тұсаукесері болып өтті.



Сайлауалды штабының мүшелері алдында сөз алған аудан әкімі Ағзам Тастеміров Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісі және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттығына кандидаттардың тіркелуі аяқталғанын тілге тиек ете келе, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайының тұрақтылығына тоқталды.

Сайлауалды штабының тұсаукесері барысында

штаб төрағасы Болат Ахметжанов саяси науқан барысы туралы жан-жақты түсінік бере отырып, ұйымдастыру іс-шаралары жайында мағлұмат берді.

Сонан соң партия белсенділері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері композициясының жанында сайлауда «Нұр Отан» партиясын қолдау мақсатында форум ұйымдастырды.

Көпшілік алдында кандидаттарды қолдау жөніндегі аудандық қоғамдық штабтың төрағасы Болат Ахметжанов, қоғамдық штабтың баспасөз хатшысы, аудандық мәслихаттың депутаты Наталия Еременко, Айыртау орталық аудандық ауруханасының бас дәрігері Саят Молдахметов, «Ғасыр Айыртау» ЖШС-нің құрылыс жөніндегі шебері Сергей Вундер, Қаратал ОМ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі Есей Нұрлан, Агротехникалық колледжінің студенті, «Жас Отан» жастар қанатының мүшесі Ольга Кручтар алдағы сайлаудың еліміз үшін және болашақ үшін маңызды екеніне тоқталды. Кандидаттарды қолдау мақсатындағы форум ауданның танымал әншілерінің шағын концертіне және аудан жастарының флешмоб биіне жалғасы.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суретті түсірген Наталья ЕРЕМЕНКО.

Сайлау - 2016

ҰЛТ МҰРАТЫ ЖІГЕРЛЕНДІРЕДІ



Елбасымыз Парламент депутаттарының Мәжілісті тарату және Парламент пен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының сайлауларын өткізу туралы бастамасын қолдап, Жарлыққа қол қойды.

Елбасымыздың оң шешімін айыртаулық ардагерлер де бірауыздан қолдауда. Өйткені әлемдік экономикалық дағдарыс кезінде қос сайлауды біріктіріп өткізу-бұл ұлт мұраты жолындағы өте қажетті қадам деп санаймыз.

Мәжілістің кезектен тыс сайлауы 2016 жылғы 20 наурызға белгіленді. Бүгінгі таңда аталмыш сайлауды ұйымшылдықпен өткізу шаралары қолға алынды.

Парламент сайлауы - елдің саяси өмірінде алатын орны айрықша. Сондықтан ел алдында тұрған іргелі міндеттерді іске асыратын, ел қамын ойлайтын азаматтар Мәжіліс мінберіне көтеріліп, Ұлт жоспарындағы басым бағыттарды іске асыруға өзіндік үлес қосары сөзсіз. Сонымен қатар жергілікті мәслихат депутаттарының құрамы да іскер де білікті азаматтармен толығындығы ақиқат.

Қорыта айтқанда бәріміз Қазақстанның өсіп-өркендеу жолында, өнімді еңбек етіп, бар күш-жігерімізді жұмсайық! Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейлі мерекесі қарсаңында өтетін сайлауды жоғары деңгейде өткізу-баршамызға сын.

Өйткені сайлау ел азаматтарын топтастырып, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға жол ашады. Әрі науқанға еліміздің әрбір азаматы белсене қатысып, тәуелсіз еліміздің жарқын болашағына үлес қосуға үндейді.



Бурабай ЖАПАРОВ,
еңбек ардагері, саңлақ диқан,
Айыртау ауданының Құрметті азаматы.

Сайлау - 2016

ХАБАРЛАМА

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың депутаттығына кандидаттарды тіркеу туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес:

№1 округтік сайлау комиссиясы облыстық мәслихатқа депутаттарды сайлау бойынша 2016 жылдың 17 ақпанында Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың депутаттығына №1 округтік сайлау комиссиясы бойынша кандидаттарды тіркеді:

Мантариди Василий Анатольевич, 09.01.1963 ж. туған, Айыртау ауданы Константиновка орта мектебінің директоры, Айыртау ауданының Конституновка а. тұрады;

Брюханов Олег Анатольевич, 03.01.1973 ж. туған, Батыс АЭЖ «Көкшетау Энерго» филиалының өткізім бойынша директордың орынбасары, Айыртау ауданының Саумалкөл а. тұрады;

2016 жылдың 19 ақпанында Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың депутаттығына №1 округтік сайлау комиссиясы бойынша кандидатты тіркеді:

Құрманов Абай Баубекұлы, 19.04.1989 ж. туған, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ бухгалтері, Айыртау ауданының Саумалкөл а. тұрады;

№2 округтік сайлау комиссиясы облыстық мәслихатқа депутаттарды сайлау бойынша 2016 жылдың 15 ақпанында Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың депутаттығына №2 округтік сайлау комиссиясы бойынша кандидатты тіркеді:

Махметов Сейілбек Ғазизұлы, 09.12.1957 ж. туған, Айыртау ауданы «Бабық-Борлық» ЖШС басшысы, Айыртау ауданының Нижний Борлық а. тұрады;

2016 жылдың 17 ақпанында Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың депутаттығына №2 округтік сайлау комиссиясы бойынша кандидаттарды тіркеді:

Кенжебаев Мұрат Қайырбекұлы, 22.06.1971 ж. туған, Айыртау ауданы «Нижнеборлық орта мектебі» КММ директоры, Айыртау ауданының Нижний Борлық а. тұрады;

Морин Денис Владимирович, 23.11.1976 ж. туған, Айыртау ауданы «Бабық-Борлық» ЖШС басшысының орынбасары, Айыртау ауданының Нижний Борлық а. тұрады;

2016 жылдың 19 ақпанында Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың депутаттығына №2 округтік сайлау комиссиясы бойынша кандидатты тіркеді:

Мартынов Андрей Анатольевич, 07.02.1971 туған, Айыртау ауданы «Көкшетау» МҰТП ММ Нижнеборлук филиалының орман шаруашылығының шебері, Айыртау ауданының Нижний Борлық а. тұрады.

Айыртау аудандық мәслихаттың депутаттығына кандидаттарды тіркеу туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес:

№1 округтік сайлау комиссиясы аудандық мәслихатқа депутаттарды сайлау бойынша 2016 жылдың 18 ақпанында Айыртау аудандық мәслихаттың депутаттығына №1 округтік сайлау комиссиясы бойынша кандидатты тіркеді:

Есенғалиев Сырымбет Қайрошұлы, 15.07.1964 ж. туған «Баянтай» ЖШС директоры, Саумалкөл а. тұрады;

2016 жылдың 19 ақпанында Айыртау аудандық мәслихаттың депутаттығына №1 округтік сайлау комиссиясы бойынша кандидатты тіркеді:

Мұстафин Қайрат Болтауұлы, 21.11.1980 ж. туған «Володар ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ жүргізушісі, Саумалкөл а. тұрады;

2016 жылдың 22 ақпанында Айыртау аудандық мәслихаттың депутаттығына №1 округтік сайлау комиссиясы бойынша кандидатты тіркеді:

Водянова Раиса Васильевна, 29.04.1990 ж. туған, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ іс жүргізушісі, Саумалкөл а. тұрады;

№2 округтік сайлау комиссиясы аудандық мәслихатқа депутаттарды сайлау бойынша 2016 жылдың 18 ақпанында Айыртау аудандық мәслихаттың депутаттығына №2 округтік сайлау комиссиясы бойынша кандидатты тіркеді:

Жанахметов Берік Темешұлы, 02.03.1964 ж. туған, аудандық пошта байланыс торабы «Қазпочта» ААҚ директоры, Саумалкөл а. тұрады;

2016 жылдың 19 ақпанында Айыртау аудандық мәслихаттың депутаттығына №2 округтік сайлау комиссиясы бойынша кандидатты тіркеді:

Омаров Марат Қалымтайұлы, 08.04.1966 ж. туған «Сәулет-2007» ЖШС күзетшісі, Саумалкөл а. тұрады;

2016 жылдың 22 ақпанында Айыртау аудандық мәслихаттың депутаттығына №2 округтік сайлау комиссиясы бойынша кандидатты тіркеді:

Жақыпов Тимур Қайратұлы, 11.02.1982 ж. туған, «СҚО тұтынушылардың құқықтарын қорғау бойынша Айыртау аудандық басқармасы» АММ күзетшісі, Саумалкөл а. тұрады;

№3 округтік сайлау комиссиясы аудандық мәслихатқа депутаттарды сайлау бойынша 2016 жылдың 15 ақпанында Айыртау аудандық мәслихаттың депутаттығына №3 округтік сайлау комиссиясы бойынша кандидатты тіркеді:

Олжабаева Мендігүл Олжабайқызы, 12.11.1977 ж. туған, Саумалкөл қазақ орта мектебінің директоры, Саумалкөл а. тұрады;

2016 жылдың 16 ақпанында Айыртау аудандық мәслихаттың депутаттығына №3 округтік сайлау комиссиясы бойынша кандидатты тіркеді:

Сейтенова Динагүл Сейітқалиқызы, 25.05.1987 ж. туған, Саумалкөл қазақ орта мектебінің зертханашысы, Саумалкөл а. тұрады;

2016 жылдың 18 ақпанында Айыртау аудандық мәслихаттың депутаттығына №3 округтік сайлау комиссиясы бойынша кандидатты тіркеді:

Бахметова Меруерт Ильясқызы, 01.01.1994 ж. туған, «Айыртау ОАА» ШЖҚ МКК хатшысы, Саумалкөл а. тұрады;

2016 жылдың 19 ақпанында Айыртау аудандық мәслихаттың депутаттығына №3 округтік сайлау комиссиясы бойынша кандидатты тіркеді:

Аманжолов Асқар Сайысұлы, 01.05.1988 ж. туған, өзін-өзі қамтушы, Саумалкөл а. тұрады;

№4 округтік сайлау комиссиясы аудандық мәслихатқа депутаттарды сайлау бойынша 2016 жылдың 15 ақпанында Айыртау аудандық мәслихаттың депутаттығына №4 округтік сайлау комиссиясы бойынша кандидаттарды тіркеді:

Бөйтенов Айдарбек Ағзамұлы, 18.08.1962 ж. туған, «Батыс АЭЖ Көкшетау Энерго» филиалының директоры, Саумалкөл а. тұрады;

Бекеев Азамат Қабдрашитұлы, 18.02.1987 ж. туған, «ҚТЖ Ақмола жолдар бөлімшесі» АҚ қосалқы станцияның кезекшісі, Саумалкөл а. тұрады;

2016 жылдың 17 ақпанында Айыртау аудандық мәслихаттың депутаттығына №4 округтік сайлау комиссиясы бойынша кандидатты тіркеді:

Шахметов Орал Сансызбайұлы, 08.03.1964 ж. туған өзін-өзі қамтушы, Саумалкөл а. тұрады;

№5 округтік сайлау комиссиясы аудандық мәслихатқа депутаттарды сайлау бойынша 2016 жылдың 17 ақпанында Айыртау аудандық мәслихаттың депутаттығына №5 округтік сайлау комиссиясы бойынша кандидаттарды тіркеді:

Ақмолдин Еркін Қапезұлы, 12.09.1971 ж. туған, «Ақмолдин» жеке кәсіпкер, Саумалкөл а. тұрады;

Гранкин Евгений Николаевич, 10.08.1987 ж. туған «Батыс АЭЖ Көкшетау Энерго» филиалының бас инженері, Саумалкөл а. тұрады;

Оспанов Нұрбай Придонұлы, 01.08.1961 ж. туған, «Володар ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маманы, Саумалкөл а. тұрады;

(Жалғасы 2-бетте).

